

Article

Institutional Architecture of Deradicalization and Rehabilitation in the Religious Sphere: Domestic and International Experience

Armanay Ertykhalova ¹ , Adiya Romanova ^{2, *}

¹ Institute of Humanities and Religious Studies, Almaty, Kazakhstan

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*Corresponding author's email: adiya_romanova@mail.ru

Abstract

This article examines issues of deradicalization and rehabilitation in the religious sphere in the Republic of Kazakhstan and abroad. The study is based on a comprehensive approach, combining an analysis of domestic and international legislation, regulations, and scientific literature on these issues. Additionally, the practical experience of Kazakhstani scholars and authors working with individuals affected by the activities of radical groups and repatriates returning from terrorist zones is used. The study traces the evolution of Kazakhstan's state policy in this area, from forceful measures to the formation of a more balanced Kazakhstani model focused on early detection, prevention, and comprehensive rehabilitation. Particular attention is paid to expanding assistance tools, including theological work, medical and psychological, legal support, and social adaptation measures. The authors conclude that Kazakhstan currently operates a unique model, implemented through collaboration between government agencies and civil society. This model has some problematic issues that will be improved. Overall, an analysis of domestic and international experience in deradicalization and rehabilitation shows that the Kazakhstani model demonstrates the effectiveness of an interdisciplinary and interdepartmental approach and is of interest for further scientific and practical research.

Keywords: legal basis; deradicalization; models of rehabilitation; integration in society; religious literacy.

Received: 22 June 2026

Revised: 27 June 2026

Accepted: 28 June 2026

Copyright: © 2026 by the authors.

This article is an open access article distributed under the terms and conditions of the [Creative Commons Attribution \(CC BY\)](https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/) license.

Діни саладағы дерадикализация және оңалтудың институционалдық архитектурасы: отандық және халықаралық тәжірибе

Аңдатпа

Осы мақала Қазақстан Республикасында және шетелде дін саласындағы дерадикализация және оңалту мәселелерін қарастырады. Зерттеу отандық және шетелдік заңнаманы, нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдауды қамтитын кешенді әдіснамаға негізделген. Сонымен қатар радикалды топтардың қызметінен зардап шеккен тұлғалармен және террористік белсенділік аймақтарынан оралған репатрианттармен жұмыс жасау бойынша қазақстандық ғалымдар мен мамандардың практикалық тәжірибесі пайдаланылды. Зерттеу барысында Қазақстанның осы саладағы мемлекеттік саясатының күштік шараларға негізделген тәсілден бастап, ерте анықтау, алдын алу және кешенді оңалтуға бағытталған неғұрлым теңгерімді модельді қалыптастыруға дейінгі эволюциясы айқындалды. Теологиялық жұмыс, медициналық, психологиялық, құқықтық қолдау, сондай-ақ әлеуметтік бейімделу шараларын қамтитын көмектің құралдары мен тетіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады. Авторлар қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы негізінде іске асырылатын бірегей модель қалыптасқан деген қорытындыға келеді. Дегенмен бұл модельде жетілдіруді қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Жалпы алғанда, дерадикализация мен оңалтудың отандық және шетелдік тәжірибесін талдау қазақстандық модельдің пәнаралық және ведомствоаралық тәсілдің тиімділігін көрсететінін және одан әрі ғылыми, практикалық зерттеулер үшін өзекті екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: құқықтық негіздері; дерадикализация; оңалту модельдері; қоғамға бейімдеу; діни сауаттылық.

Институциональная архитектура дерадикализации и реабилитации в религиозной сфере: отечественный и зарубежный опыт

Аннотация

Настоящая статья рассматривает вопросы дерадикализации и реабилитации в религиозной сфере в Республике Казахстан и зарубежом. Исследование основано на комплексном подходе, сочетающем анализ отечественного и зарубежного законодательства, нормативно-правовых актов, а также научной литературы по данным вопросам. Дополнительно использован практический опыт казахстанских ученых и авторов, связанный с работой с лицами, пострадавшими от деятельности радикальных групп, репатриантами, возвращенными из зон террористической активности. В ходе исследования можно проследить эволюцию государственной политики Казахстана в данной сфере, от силовых мер, к формированию более сбалансированной казахстанской модели, которая ориентирована на раннее выявление, профилактику и комплексную реабилитацию. Особое внимание уделяется расширению инструментов помощи, включая теологическую работу, медицинское, психологическое сопровождение, правовую поддержку и меры социальной адаптации. Авторы приходят к выводу, что в настоящее время в Казахстане действует уникальная модель, которая реализуется во взаимосвязи государственных органов и гражданского общества. В данной модели имеются некоторые проблемные вопросы, которые будут усовершенствованы. В целом, анализ отечественного и зарубежного опыта дерадикализации и реабилитации показывает, что казахстанская модель демонстрирует эффективность междисциплинарного и межведомственного подхода и представляет интерес для дальнейших научных и практических исследований.

Ключевые слова: правовая основа; дерадикализация; модели реабилитации; интеграция в общество; религиозная грамотность.

Кіріспе

Дін адамзат тарихында дүниетанымды, адамгершілік нормаларын және әлеуметтік институттарды қалыптастыруға көмектесті. Діни жүйелер рухани мұраттардың қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік интеграция тетігі, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау тетігі болды. Секуляризация процестеріне қарамастан, дінге қатысты мәселелер қазіргі заманда өзектілігін сақтайды. Діни нанымдар мәдениетаралық өзара әрекеттесуге, ұжымдық сәйкестікке және саяси процестерге әсер етуді жалғастыруда.

Жаһандану мен цифрлық трансформацияның қарқынды дамуы жағдайында дін мәдениеттер мен өркениеттер диалогын ілгерілетудің маңызды әлеуметтік-мәдени факторы ретінде өзектілігін арттыруда. Алайда, дамудан басқа, дінді қақтығыстардың пайда болуы үшін ыдырататын компонент ретінде пайдалануға болады. Геосаяси ландшафт, бөлшектену, қақтығыстар, шиеленіс аймақтары, миграциялық ағындары, діни анклавтар мен топтардың өсуі, деструктивті діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың таралуы, діни тәжірибелер мен құндылықтардың өзгеруін зерттеу қажеттілігін күшейтеді.

Діни экстремизм мен терроризм әлемнің көптеген елдері үшін ұлттық және халықаралық қауіпсіздікке төнетін ең өзекті қауіптердің бірі болып табылады. Бұл мәселе әсіресе Таяу Шығыстағы, Африкадағы, Орталық және Оңтүстік Азиядағы ұзаққа созылған қарулы қақтығыстар аясында өзектілігін анықтайды. Олар экстремистік идеологиялардың жаңа жақтаушыларын тартуды жалғастыруда. 2018-2019 жылдары Халықаралық радикалдануды зерттеу орталығы Сирия мен Ирактағы террористік белсенділік аймақтарына кеткен 80 елдің азаматтарының шамамен 25%-ы әйелдер мен кәмелетке толмаған балалар екенін деректерді жариялады (Cook & Vale, 2018). 2019 ж. Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанның өз азаматтарын террористік белсенділік аймақтарынан қайтару үшін арнайы гуманитарлық операцияларды ұйымдастырып, сәтті жүргізіп оң нәтиже берілді. Терроризмге қарсы күрес Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Бұл тақырып қазақстандық ғылыми қоғамдастықта белсенді түрде қарастыруда. Отандық ғалымдар арасында: Карин Е., Сабдин А., Тышхан К., Исахан М., Шаповал Ю., Раздыкова Г., Бишманов Б., Сатершинов Б., Сейтахметова Н., Темирбаев Т., Сихимбаева Д., Бекмағанбетова М., Орынтай А. және т.б. атап өтуге болады. Осы авторлардың жұмыстары радикалдану факторларының типологиясын және радикалдану факторларын қамтиды; сондай-ақ, деструктивті діни идеологияларды талдау мемлекеттік дерадикализация және реинтеграция бағдарламаларының тиімділігін бағалауға бағытталған. Зерттеулердің негізі – Қазақстандағы радикалдармен және репатрианттармен ұзақ мерзімді практикалық жұмыс болып табылады.

Қазіргі ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға үлес қосқан шетелдік ғалымдарды атап өткен жөн: Б. Бузан, О. Вавер, Я. Де Вильде (Копенгаген мектебінің секьюритизациялау теориясы); Ярлыкапов А. (посткеңестік елдердегі радикализм); О. Руа (исламды дін ретінде радикализммен ажырату); М. Сагеман (радикалды топтардың желілік моделі); Дж. Хорган (радикалды топтардың қатысуы мен шығуының психологиялық траекториялары); К. Викторович (кездейсоқтық теориясы ‘frame alignment’) және т.б. Жалпы алғанда, шетелдік зерттеулер радикалдану процесі көп деңгейлі, сызықтық емес үдеріс, оған қоса, психологиялық, әлеуметтік-желілік және идеологиялық факторлардың өзара әрекеттесуін көрсетеді; оның бір ғана себеп жоқ. Қазақстанда әртүрлі әдістер мен теориялар қолданылады: Сауд Арабиясының теологиялық сендіру моделінен бастап, әлеуметтік инклюзияның скандинавиялық модельдеріне дейін.

Көптеген факторлардың жиынтығы, соның ішінде жалғасып жатқан қақтығыстар,

ауқымды миграциялық үдерістері және жекелеген елдердегі демографиялық теңгерімсіздік бұл мәселенің өзектілігін арттырады. Бұл жағдайлар діни негізіндегі экстремизм мен терроризмді дерадикализациялау, оңалту және алдын алу салаларында ғылыми негізделген әрі практикалық тұрғыдан тиімді тәсілдерге тұрақты сұраныс қалыптастырады. Сондықтан аталған бағыттағы зерттеулер мен қолданбалы шаралары өзекті болып табылады. Осыған байланысты, мақаланың мақсаты – діни саладағы дерадикализация мен оңалтудың институционалдық архитектурасын қарастыру, отандық және шетелдік тәжірибе талдау.

Материалдар мен әдістер

Осы мақаланы дайындау аясында зерттеудің теориялық және қолданбалы құралдарын біріктіретін кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Теориялық негізді отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттерін талдау; дерадикализацияның, оңалтудың және реинтеграцияның әртүрлі ұлттық модельдеріне қатысты салыстырмалы әдіс; нормативтік базаның контент-талдауы құрады. Бұл әдістерді таңдау халықаралық зерттеу тәжірибесінде бекітілген әдістемелік ұсыныстарға байланысты негізделеді. Сонымен, Хорган мен Тейлор радикалдану және дерадикализация процестерін зерттеу көп деңгейлі табиғатқа байланысты бірнеше зерттеу тәсілдерін біріктіруді қажет ететіндігін көрсетеді (Horgan, 2008, p. 5; King & Taylor, 2011, p. 607).

Бұл мақала авторлардың деструктивті идеологияны ұстанып, есепте тұрған тұлғалармен, радикалды діни топтардың қызметінен зардап шеккен азаматтармен, сондай-ақ репатрианттармен (әйелдер мен балалар) жұмыс жүргізудегі көпжылдық тәжірибесіне негізделген. Қосылған бақылау және мақсатты топтармен практикалық өзара әрекеттесу тәжірибесі дербес ғылыми және практикалық құндылыққа ие болып табылады. Осылайша, қазақстандық ғалымдар К. Тышхан, М. Исахан, Ю. Шаповал қосылған бақылау және мақсатты топтармен практикалық өзара іс-қимыл тәжірибесі дербес зерттеу құндылығын білдіреді деп есептейді. Атап айтқанда, қатысушылармен бейресми әңгімелер жүргізу тек құжаттық және статистикалық көрсеткіштерді пайдалану арқылы қолжетімсіз болатын мәліметтерді тіркеуге мүмкіндік береді (Tyshkhan, 2019; Isakhan, 2020; Shapoval, 2025, p. 84). Авторлардың практикалық тәжірибесі әлеуметтік осал адамдарға көмек көрсетудің кешенді, ұзақ мерзімді бағдарламаларына қатысуды қамтиды және бұл бастапқы бейімделуден бастап қоғамға тұрақты реинтеграцияға дейінгі халықаралық реинтеграция стандарттарына толық сәйкес келеді (UNODC, 2025). Осыған байланысты, қазақстандық зерттеуші Сабдин А., оңалту мен дерадикализацияны жүзеге асыру үшін келесі қабілеттер қажет: Қазақстан заңнамасын білу, ислам саласындағы білім, жалпы психология, конфликтология және медиация, сондай-ақ деструктивті топтардың идеологиясын ұстанушылармен жұмыс істеуге жеке кәсіби дайындық (Sabdin, 2020, pp. 11–12).

Сонымен қатар, 2025-2026 жылдар аралығында авторлар аймақтық дін мамандарымен сараптамалық сұхбат жүргізді. Қатысушылар қатарында Дін істері басқармасының, Діндер зерттеу орталықтарының қызметкерлері, Дін істері комитетінің өкілдері, түрмелерді оңалтумен тікелей айналысатын теологтар қатысқан. Сұхбаттар ерікті және анонимді түрде, қазақ тілінде және офлайн режимінде жүргізілді. Респонденттердің рұқсатымен сұхбаттар далалық зерттеу күнделіктеріне жазылды. Бұл мақала барысында респонденттердің жеке мәліметтерін көрсетілмейді және жалпылама түрде ақпаратты ұсынады.

Қолданылған теориялық және қолданбалы әдістердің жиынтығы ғылыми қауымдастықта кеңінен танылған әдіснамалық триангуляция принципіне негізделеді. Бұл принципке сәйкес, зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу саласындағы зерттеулер нәтижелерінің сенімділігі мен дұрыстығы құжаттарды талдау, сондай-ақ мақсатты топтармен тікелей өзара әрекеттесу барысында алынған тәжірибе мен деректерді салыстырмалы талдау арқылы айтарлықтай артады.

Осылайша, мақаланың әдіснамалық негізі академиялық талдау мен верификацияланған практикалық білімді ұштастыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде ғылыми негізделген тұжырымдар жасаудың маңызды шарты болып табылады.

Нәтижелер және талқылау

Құқықтық негіздері

Алдын алу, оңалту және дерадикализациялау процестерінің құқықтық негіздері отандық заңнамаға және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге негізделеді.

Терроризмге қарсы күрес Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Біріккен Ұлттар (БҰҰ) ұйымының терроризмге қарсы 19 әмбебап құжатын (конвенциялары мен хаттамаларын) толық ратификациялап, оларды ұлттық заңнамаға имплементациялаған.

Қазақстан аумағында 21 ұйым, оның ішінде «ИГИЛ» және «Аль-Каида», экстремистік және террористік деп танылып, олардың қызметіне тыйым салынған. Олардың қызметіне қатысу немесе қолдау көрсету қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан БҰҰ-ның Жаһандық контртерроризм стратегиясын (ЖКС) жүзеге асыруға белсенді атсалысады. 2011 жылы Орталық Азияда ЖКС-ны іске асыруға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспары қабылданды, бұл өңірлік деңгейдегі алғашқы құжаттардың бірі болды. Қазақстан БҰҰ-ның Терроризм қарсы басқармасымен бірлесіп, терроризм және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы бірқатар жобаларды жүзеге асыруда. Бұл жобалар техникалық көмек көрсету, ұлттық мамандардың біліктілігін арттыру, құқықтық-нормативтік базаны жетілдіру және құқық қолдану практикасын жетілдіру сияқты бағыттарды қамтиды. Көптеген бағдарламалар өңірлік деңгейде жүзеге асырылуда.

Қазақстан үшін басым бағыттар ретінде шетелдік террористік жауынгерлер (ШТЖ) мен олардың отбасы мүшелері тарапынан туындайтын қауіптерге қарсы тұру, оларды «репатриациялау, оңалту және қайта интеграциялау» (3R), жастар арасында радикалданудың алдын алу, сондай-ақ интернетте заңсыз ақпараттың таралуымен күрес салалары айқындалған (Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, 2026). Осыған қоса, Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы Шанхай конвенциясы (2001), ШЫҰ-ның экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі Конвенциясы (2017), сондай ақ Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері достастығы (ТМД) шеңберіндегі өңірлік келісімдер. Бұл келісімдер дерадикализация бағытының институционалдық және құқықтық негізін құрайды.

Дерадикализация, оңалту және профилактиканың қазақстандық моделі халықаралық стандарттар имплементацияланған жергілікті заңнамаға негізделген.

1991-2000 жж. – Діни саланы құқықтық реттеудің қалыптасуы

- ҚР Конституциясы (1995 ж.) – мемлекеттің зайырлы сипаты бекітілді, ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік берілді.

- «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы (1992 ж.) – діни ұйымдардың қызметін құқықтық реттеудің бастапқы негіздері айқындалды және діни бірлестіктерді құру мен олардың қызметін жүзеге асыру тәртібі белгіленді.

Аталған уақытта діни саладағы мемлекеттік саясатың либералды моделі басым болды; заңнамада экстремизм, радикалдану немесе дерадикализация ұғымдары қарастырылмады. Діни бірлестіктердің қызметіне қойылатын талаптар салыстырмалы түрде жеңіл болды.

2000-2010 жж. – Терроризмге қарсы іс-қимыл жүйесінің қалыптасуы

- «Терроризмге қарсы күрес туралы» ҚР Заңы (1999 ж.) – террористік қызметке қарсы іс-қимылдың негізгі құқықтық тетіктері айқындалды және терроризмнің алдын алу, кесу жолын жөніндегі мемлекеттік органдардың өкілеттіктер белгіленді.

- ҚР Президентінің Жарлығы (2000 ж.) «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және жолын кесу жөніндегі шаралар туралы» – терроризм мен экстремизмге қарсы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары айқындалды және бекітілді, уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру тетіктері жетілдірілді.

- ҚР Президентінің Өкімі (2003 ж.) ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталығы туралы – терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы ведомствоаралық жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз ететін орган құрылды.

- Тыйым салынған ұйымдардың тізімі жинақтап жарияланды (2004 ж.) – еліміздің аумағында қызметтеріне сот шешімі арқылы тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың тізбесі қалыптастырылды.

- «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы (2005 ж.) – экстремизмнің алдын алу және оған қарсы түрлі жұмыстарының құқықтық негіздері бекітілді.

- Қылмыстық жолымен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Заңы (2009) – қаржылық мониторинг, бақылау құралдарын күшейтілді және терроризм мен экстремистік құрылымдарды қаржыландырудың жолын кесуге бағытталған қаржылық-құқықтық тетіктер енгізілді.

Осы кезеңнің ерекшеліктері: діни қауіпсіздіктің маңыздылығы, кейбір аспектілерде секьюритизациялануы байқалған, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттардың біріне айналды.

2011-2016 жж. – Діни саясатты институционалдандыру кезеңі

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы (2011 ж.) – діни қызметін жүзеге асыру үшін жаңа жүйесі енгізілді, тіркеу / қайта тіркеу рәсімдері нақтыланды, дінтану сараптамасын жүргізу тәртібі белгіленді.

- ҚР Президентінің Жарлығы (2013) – ҚР Терроризмге қарсы орталығы туралы ереже – құрылған мекеменің құқықтық мәртебесі мен қызметінің негізгі бағыттары айқындалды.

- ҚР Президентінің Жарлығы (2013 ж.) – Терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ереже – олардың қызметін бірыңғай тәртібі бекітілді. Оған қоса, орталық және жергілікті деңгейдегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктері жетілдірілді.

- Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы (2014 ж.) – сараптама діни мазмұндағы ақпараттық материалдарына жүргізу, дінтану сараптамасын жүзеге асыру үшін нақты мақсат пен міндеттері айқындалды.

- ҚР Президентінің Жарлығы (2013 ж.) – 2013-2017 жж. Арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама. Мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары анықталды, ақпараттық-түсіндіру, алдын алу және ұйымдастырушылық шаралар енгізілді. Мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын күшейту көзделді.

Бұл кезеңнің басты ерекшеліктері: осы саладағы саясатының институционалдандыру үдерісі күшейді, мемлекеттік бақылау тетіктері жетілдірілді, мемлекеттік бағдарламалар қабылданып кешенді жұмыстар жасалған.

2017-2022 жж. - Алдын алу және дерадикализацияға негізделген модельге көшу

- Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2017 ж.) – діни саясатының жаңа стратегиялық бағыттары айқындалды және «дәстүрлі ислам» ұғымы мемлекеттік дискурста бекітілді. Сондай-ақ радикализмнің алдын алу және қоғамдағы діни тұрақтылықты сақтау басым бағыт ретінде қарастырылды.

- 2018-2022 жж. арналған терроризм мен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама (2018 ж.) – осы бағдарлама аясында кешенді тәсілдер енгізілді, ақпараттық-түсіндіру және алдын алу жұмыстары күшейтілді, мемлекеттік және қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы кеңейтілді.

«Құқық бұзушылық алдын алу туралы» Заңы (2021 ж.) – алдын алудың бағыттары, жеке профилактикалық жұмыс жүргізу тетіктері енгізілді.

Осы кезеңнің ерекшеліктері: мемлекет алдын алу салдарына басымдық берді, дерадикализация және реабилитация ұғымдары құқықтық және ғылыми айналымға енгізілді. Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелендірілді (жергілікті және республикалық ақпараттық түсіндіру топтары құрылды). Бұл жылдары қоғамдық рухани тұрақтылықты нығайтуға бағытталған кешенді тәсілдер қалыптасты.

2023-2028 жж. – Реинтеграция, цифрлық мониторинг және ведомствоаралық іс-қимыл

- Конституцияның жаңартылған нұсқасы (2026 ж.) – зайырлылықты заңдастыру, мемлекет пен діннің аражігін ажырату, теңдік, өшпенділікке жол бермеу. Сондай-ақ, мемлекеттік институттардағы жаңартулар мен өкілді органдардың құрылымына өзгерістер енгізілді.

- Қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасы (2024-2028 жж.) – серіктестік негізіндегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз еті тәсілдері және кешенді шараларын дамыту.

Қазіргі кезеңнің басты ерекшелігі бұл жасанды интеллекттің қарқынды дамуы. Осыған байланысты интернет кеңістігінде деструктивті контентті анықтау, бұғаттау және талдау.

Сондай-ақ, жүйелі түрде барлық заңнамаларға заманның талаптарына сәйкес өзгерістер енгізіледі. Оған қоса, радикалданған тұлғалармен жұмыс жасаудың салдарларын жоюға бағытталған тәсілден алдын алу шараларына басымдық беретін тәсілге көшу. Ведомствоаралық іс-қимылдарын нығайту, азаматтық қоғаммен серіктестік күшейту. Постпенитенциарлық оңалтудың бағыттарын дамыту.

Қызметтің кешенді бағыттары

Қазақстан мемлекеті экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттер бойынша жүргізілетін жұмыстардың бірнеше бағыттар мен іс-шаралар жүйесінен тұрады:

(1) Алдын алу жұмыстары. Қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында азаматтардың патриотизмін, сыни ойлауын және өзін-өзі жүзеге асыруды дамытуға қолайлы қолдайтын әлеуметтік орта қалыптастыру, конфессияаралық келісімді нығайту, жастарды толеранттылық, мәдени әртүрлілік, өзара түсіністік пен азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеу. Дін саласындағы заңнама туралы сенімді білімді қамтитын контент құру, қоғамдағы өзекті сұрақтарға жауаптарды дайындалу.

Бұған қоса, дінтану сараптамасы. Шетелден әкелінетін және Қазақстанда өндірілетін барлық діни әдебиеттер дінтану сараптамасынан өтуге міндетті. Интернетте деструктивті діни мазмұнның таралуы артып келе жатқандықтан, оған қарсы тұру тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан 2017 ж. «Кибернадзор» атты бағдарламасын енгізілді. Бұл

бағдарламаның авторлық құқық иесі – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ал әзірлеушісі – «Kazdream» ЖШС болып табылады. Осы бағдарлама бойынша цифрлық кеңістіктегі деструктивті мазмұнды анықтауға, бақылауға, талдауға және дінтану сараптамасының қорытындысы бойынша оны бұғаттауға, сол арқылы экстремистік және басқа да деструктивті діни материалдардың интернетте таралуының алдын алуға бағытталған (Temirbayev & Temirbayeva, 2024, p. 348).

(2) Ақпараттық түсіндіру жұмыстары. Радикализмнің қоғамға төндіретін қауіптілігін түсіндіруге бағытталған іс-шаралар, теологтар мен дінтанушылардың дәрістері, сондай-ақ әлеуметтік желілерде таратылатын ақпараттық және бейне материалдар арқылы діни сауаттылықты арттыру мақсатында кең аудиторияға жеткізіледі. Жастар арасында теріс идеология таратпау үшін, мектеп, колледж және жоғары оқу орындарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылады. Осы іс-шараларға үкіметтік емес ұйымдар және діни бірлестіктердің өкілдері қатысады.

Аталған жұмыстары аймақтық дін істері басқармалары, діндер зерттеу орталықтары, тіркелген діни бірлестіктердің өкілдері және үкіметтік емес ұйымдары жүзеге асырады.

(3) Мақсатты аудиториялармен атқарылатын жұмыстар. А) Тәуекел топтарымен мақсатты жұмыс жүргізіледі. Аталған топтарға радикалды діни идеологияның ықпалына бейім тұлғалар, деструктивті діни ағымдардың жақтаушылары, маргиналды топ өкілдері, өзін-өзі жұмыспен қамтылған азаматтар, жұмыссыздар, сондай-ақ интернет желісіндегі радикалды контентті тұтынушылар жатады. В) Экстремистік және террористік сипаттағы қылмыстар үшін, сондай-ақ дін саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін сотталған адамдар; пробация есебінде тұрған тұлғалар; Жусан арнайы операция аясында террористік белсенділік аймақтарынан оралған азаматтар; радикалды діни ағымдардың ықпалынан зардап шеккен тұлғалар және олармен тікелей жұмыс жүргізетін құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

Соңғы екі санаттағы адамдармен жұмыс атқару үшін тәжірибелі құқық қорғау органдарының мамандары, теологтар, ислам ғалымдары, дінтанушылар, психологтар және әлеуметтік қызметкерлер тартылады. Дерадикализациялау жұмыстары мақсатты түрде жүргізіледі және жоғары білікті мамандарды қажет етеді. Сонымен қатар, бұл жұмыс әртүрлі кезеңдерден тұратындықтан ұзақ уақытты қажет етеді. Деструктивті діни көзқарастардың кейбір жақтаушылары ұзақ уақыт бойы радикалды топтарға қатысып келеді және өз сенімдерінен бас тарту қиынға соғады.

Кешенді оңалту

Мемлекет жоғарыда аталған санаттарға көп салалы көмек ұйымдастырылады. Бұл көмек олардың отбасыларына да көрсетіледі. Сонымен қатар, басты ерекшелігі – оларға қосымша кешенді әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Мысалы, құжаттарды рәсімдеуге көмек: медициналық ұйымдарға тіркелу, жұмыссыз немесе тұрғын үйге мұқтаж ретінде тіркелу және мемлекеттік гранттар мен субсидияларға өтініш беру.

Кешенді оңалту аясында келесі мүмкіндіктер бар:

- жұмыс табу және жұмысқа орналасу;
- жеке коммерциялық бизнесті бастау;
- жаңа мамандық бойынша оқыту;
- мамандық бойынша қайта даярлау;
- беделді теологтардың дәрістері, семинарлар, соның ішінде отбасылық сапарлар, әртүрлі психологиялық терапия және т.б. түрлі іс-шаралар.

Дерадикализация жұмыстарын жүргізу барысында мемлекеттік және құқық қорғау органдарының атқарар қызметі өте маңызды. Осы саланың мамандырылған субъектілері №1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Дерадикализация, оңалту және алдын алу мамандырылған субъектілері

Мемлекеттік мекемелер	Үкіметтік емес ұйымдар және азаматтық қоғам
Реттеу және үйлестіру	Ғылыми-сараптамалық қауымдастықтар
Дін істері комитеті (уәкілетті орган)	Теологтар мен дінтанушылардың тәуелсіз қауымдастықтары
Дін істері басқармалары (облыстық – 17; республикалық маңызы бар – 3)	Ғылыми-зерттеу қоғамдық қорлары
Діндер зерттеу орталықтары (өңірлік)	Консультация, дерадикализация және оңалту орталықтары
	Kazdream ЖШС-ның Кибернадзор бағдарламасы
Министрліктер мен ведомстволар	Зардап шеккендерге көмек көрсету қорлары
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	ҚҚ «Ақниет»
ҚР Ішкі істер министрлігі	ҚҚ «Шапағат»
ҚР Оқу-ағарту министрлігі	ҚҚ «Право»
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі	ҚБ «Нұрлы білім»
	«Насихат» консультативтік-оңалту орталығы
	«Ансар» консультативтік-оңалту орталығы
	«Виктория» әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек орталығы
Қауіпсіздік және құқық тәртібі	Қоғамдық бастамалар
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті	Жастар және еріктілер ұйымдары
ҚР Бас прокуратурасы	Диалогтық платформалар
ҚР Терроризмге қарсы орталығы	Дін көшбасшылар клубтары (өңірлік)
Қылмыстық атқару жүйесі (қарасты мекемелері, пробация)	Тіркелген діни бірлестіктер
	БАҚ және білім беру жобалары

Аталған ұйымдардың қызметі өзара үйлестірілген түрде жүзеге асырылады, олардың құзыреті мен жауапкершілік салалары ішкі және халықаралық даму үрдістерін ескере отырып нақты айқындалған.

Барлық әлемнің назарын бұрып, еліміз үшін алғашқы күрделі болған 2019 ж. «Жусан» арнайы операциясы кезінде Сирия еліндегі қақтығыс аймағынан елге жеткізілгендер арасында 600-ден астам азамат болған. Басым бөлігін балалар мен әйел адамдар құраған еді. Дәрігерлерден бастап, психолог, педагог, теолог, жұмыспен қамту және т.б. арнайы әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар жүйелі түрде жұмыс жасады (Shapoval et al., 2025, р. 82). Осы операция кезінде 40-тан астам теолог және 20-ға жуық психолог мамандар оңалту жұмыстарымен айналысқан. 60-қа жуық әртүрлі сала мамандары жұмыс жасағанымен де, білікті мамандар жетіспеушілігі мен тапшылығы қатты байқалған еді.

Жүргізілген жұмыстар барысында әйелдердің басым бөлігі радикалды көзқарасты ұстанған псевдоуағызшылардың алдап-арбауы арқылы қақтығыс аймағына барғандығы анықталған. Елге оралған барша азаматтар түрлі психологиялық травма алып, күйзеліске ұшырағандығы байқалған.

«Жусан» гуманитарлық операциясы арқылы елге жеткізілген азаматтардың қазіргі таңда тиісті мамандармен жүргізілген жұмыстары нәтижесінде радикалды көзқарастан бас тартып, дәстүрлі ислам құндылықтарына бейімделген. Қайтарылған азаматтардың барлығына дерлік қажетті көмек мемлекет тарапынан көрсетіліп, жұмысқа орналасу, балаларының мектепте білім алуына, қоғаммен қайта байланыс орнатуына, өз туыстарының ортасына оралуына, тіпті кейбірінің шағын кәсіпкерлікті қолға алып, өмірін жаңа бетбұрысқа бұруына барынша жағдай жасалды және жасалып келеді (Shapoval & Bekmaganbetova, 2021, p. 290). Дерадикализация мен оңалту шараларын жүзеге асырудың негізгі субъектілері ретінде ҚҚ «Ақниет» (теологиялық жағынан) және ҚҚ «Право» (әлеуметтік жағынан) болды (Shapoval, 2024, p. 324). «Жусан» гуманитарлық операциясына шет ел зерттеушілері мен тиісті сала мамандары да қызығушылық танытқан (Raychev, 2020, p. 165).

Сонымен қатар, 2019 ж. Қазақстан «Русафа» операциясын жүзеге асырды. Оның аясында Ирак мемлекетінен 14 қазақстандық бала елге қайтарылды. Олардың әкелері қарулы қақтығыстар барысында қаза тапқан, ал аналары өмір бойына бас бостағынан айыру жазасына кесіліп, жазаларын өтеп жатыр. (Farrell et al., 2021, p. 8).

Жалпы алғанда, зерттеушілер атап өткендей, қазақстандық модельдің ерекшелігі - репатрианттарға медициналық, әлеуметтік және құқықтық көмекпен қатар теологиялық консультациялар мен дәрістер көрсетілген. Осыған байланысты, отбасылардың Сирия мен Иракқа кету себептері туралы бастапқы ресми болжамдар толық расталмады. Яғни, ресми дискурста әйелдердің көпшілігі «күйеулердің алдауымен» кеткен, бірақ зерттеушілер әйелдермен жүргізілген сұхбаттар барысында әлдеқайда күрделі әрі алуан түрлі баяндауларды анықтады. Нәтижесінде, кешенді, жедел жауап тиімді болғаны атап өтілді. Дегенмен, ұзақ мерзімді перспективада қазақстандық модельде болашақта қайта жарақаттануға және зорлық-зомбылыққа бару қаупіне психологиялық төзімділікті қалыптастырудың жүйелік компоненті болмады.

Пробация процесінің бөлігі ретінде түрмеден босатылған азаматтар сот белгілеген мерзімге сәйкес кешенді оңалту және қайта бейімделу жұмыстарынан өтеді, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне көмек көрсетіледі. Пробацияны бірнеше уәкілетті мемлекеттік және үкіметтік емес органдар да жүргізеді. Теологтармен және ислам ғалымдарымен кешенді қолдау және консультациялар да көрсетіледі. Бұл жұмыс жүйелі болып табылады және қайта қылмыс жасаудың алдын алуға мен қайта бейімделуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғарыда аталған жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында жыл сайын Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті аймақтық дін саласындағы жұмыс атқаратын мамандарға арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырылады. Курстар бір ай мерзімінде болады және сабақтар күн сайын өткізіледі. Спикерлер ретінде тәжірибелі теологтар, ислам ғалымдары, дінтанушылар, тәжірибелі психологтар және медиаторлар тартылады. Бұл курстар барысында мамандар жаңа білім алып қана қоймай, әріптестерімен практикалық тәжірибе алмасады және аймақтардағы жұмыс сапасын жақсарту үшін жүйелі әрекеттер мен шешімдер әзірлейді.

Халықаралық тәжірибе

Көптеген мемлекеттер оңалту саласымен кешенді әрі жүйелі түрде айналысады. Ұлыбритания мемлекеті «Превент» (Prevent) бағдарламасы арқылы тек терроризм мен

экстремизмді ерте анықтап қана қоймай, радикалдану қаупі бар адамдарды да ерте айқындауға бағытталған. Алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін полиция, қоғам және мектеп орталықтарымен бірлесе отырып қарсы іс-шаралар ұйымдастырады.

2017 жылғы экстремизм мен терроризммен күрес бағдарламасы арқылы Франция мемлекеті оңалту жұмыстарын кешенді түрде жүргізді. Жұмыстардың көп бөлігі оңалтуға арналғандықтан, радикалданған тұлғаларды арнайы мекемелерде оқыту, жұмысқа орналастыру, қоғамға қайта бейімдеу шаралары қабылданған.

Отбасы және әлеуметтік қызметкерлердің көмегі арқылы радикалды адамдарды оңалтуға бағытталған іс-шаралар жүргізу үшін «Хаят» (Науат) жобасын – Германия мемлекеті іске асырған болатын. Сингапур болса арнайы діни оңалту тобын құру арқылы теологиялық ақыл-кеңес беру мен психологиялық қолдау арқылы радикалды тұлғаларды дерадикализациялау мен оңалтуға мүмкіндік беретін заңнама бекіткен еді.

Еуропа елдерінде экстремистік топтар бірқатар үлкен Лондон, Париж, Брюссель және т.б. қалаларда терракт ұйымдастырған. Қазіргі таңда Еуропа билігі үшін маңызды болып саналатын әрекеттің бірі белең алған экстремистік идеялардың таралуына тосқауыл қою болып табылады. Бұған қоса жұмыссыз және арнайы білімі төмен тап өкілдерін құрайтын мигранттар да радикалдардың негізгі нысанына айналуы мүмкін. Таяу шығыс, Африка, Азия секілді дәстүрлі мұсылман мемлекеттерімен салыстырған кезде, Еуропа елдеріндегі радикалданудың негізгі тетігі – әлеуметтік мәселелердің ортаға шығуы салдары деп есептеледі. Сол себепті батыс мемлекеттері ең алдымен қоғамдағы негізгі мәселелерді шешуге тырысады (Temirbayev & Temirbayeva, 2024, p. 11).

Сингапурдағы дерадикализация мәселесіне келетін болсақ, үш түрлі бағыттан құралатынын көруге болады. Алғашқы екі бағыт көбінесе сотталғандарға бағытталса, соңғы үшінші бөлімі профилактикалық жұмысқа арналған. Басты ерекшелігі ретінде отбасы мүшелерімен бірлесе отырып жүргізілуінде. М. Рэнсторптың айтуынша отбасы институтына, тұлғаның әлеуметтік байланыстарына назар аудару радикалды топтарға деген қарым-қатынасты әлсірететін көрінеді. Діни дағуат пен уағыздарға қарағанда, әлеуметтік мәселелерге басымдылық беру едәуір үлкен жетістіктерге әкеледі. Деструктивті діни ағымдардың агрессивті мәселелерін шешу құралы ретінде қайта қолдануына жол бермейді. Сингапур тәжірибесіне ұқсас дерадикализация сипаты Индонезия мен Түркияның кей аумақтарында қолданылады (Paschenko, 2016, p. 28). Жоғарыда аталған мемлекеттердің жекелеген жұмыстары адам бойындағы радикалды ұстанымдарды қалыптастырған топтардан алыстап, қоғамға қайта бейімделуіне, әлеуметтік қарым-қатынасты қайта орнатып, отбасымен бірге етене араласуға мүмкіндік береді. Отбасы мүшелерімен тығыз байланысу, қарым-қатынасты жақсы деңгейге көтеру, жақсы мәміле орнату арқылы радикалсыздандыру құбылысын төмендетеді.

Сауд Арабиясындағы дерадикализация саласының негізі діни-теологиялық сипатта кешенді түрде жүзеге асырылады. Ресми деректер радикалданудың басты себебі ретінде діни сауатсыздық пен ақидалық мәселелердегі қате түсініктер. Егер басқа мемлекеттерде психолог, теолог, әлеуметтік немесе полиция қызметкерлері тартылса, Сауд Арабиясында діни көшбасшылар, беделді әрі білімді имамдар жұмылдырылады. Дерадикализация жұмысы тек имамдармен ғана шектелмейді. Қажет болған жағдайда әртүрлі сала мамандары шақырылады және арнайы қызмет көрсетіледі. Атқаратын іс-шаралары консультативтік бағдарламалар бойынша іске асырылып, жеке және терең диалог, түсіндіру жұмыстары орындалады. Оңалтумен айналысатын имамдарға бірнеше шарттар мен міндеттер қойылады. Сенімді қарым-қатынас орната алу, коммуникация жасау тәсілдерін жетік білу, радикалданған адамдармен тең дәрежеде болу сынды ережелер қарастырылады. Оңалтумен

шұғылданатын әрбір маманның жеке жұмыс атқаратын өзіндік қызметтері де болады (Temirbayev & Temirbayeva, 2024, p. 14). Сауд Арабиясында идеологиялық ықпал ету, әлеуметтік қолдау білдіру, бақылау шараларын ұйымдастыру сияқты дерадикализациялық модель байқалады. Теологиялық оңалту басымдылығы көбірек болғандықтан, практикалық тұрғыда асырылуы кейбір қиындықтары бар.

Көршілес мемлекеттің бірі Қырғызстан Орталық Азия елдері ішінде діни әртүрлілік пен еркіндік дәрежесі салыстырмалы түрде жоғары мемлекеттердің бірі болып келеді. Шиеленіс елдеріндегі Сирия мен Иракқа кетіп, соғысқа қатысқан содырлардың саны бойынша да алдағы орындардың бірін осы мемлекет алатын көрінеді. 2010-2016 жылдар аралығында жүздеген азаматтарының террористік ұйымдарға қосылғаны тіркелген. Мемлекеттегі экстремизм мен терроризм идеологиясы әртүрлі әлеуметтік желі арқылы орын алды деп есептелінеді. Сонымен қатар, жұмыссыздық, білім деңгейінің жетіспеушілігі, экономикалық, әлеуметтік теңсіздік пен мемлекеттік институттың әлсіздігі, дәстүрлі діни ілімнің таралу деңгейінің төмендігі, психологиялық көмекке зәрулік басты факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерінде жұмыс жасау үшін кеткен азаматтар туыстары мен жақындары тарапынан арбауға түсіп кеткені де байқалады. Отбасы мүшелері тарапынан ықпал ету мысалдарының бірі гендерлік аспектілердің бар болғанын көрсетеді. Өйткені әйелдер отбасылық қысым, қауіп-қатер, зорлық пен зомбылық көру және материалды тәуелдік нәтижесінде экстремистік топтарға қосылуы мүмкін. Дәстүрлі ислам бағыты әлсіреп, сырттан келсе радикалды топтардың белсенді әрекеті де әсер етуі әбден ықтимал. Радикалдану әрекеттерімен күресу үшін қандай жұмыстар жасалынады деген сауалға, алдын алу шаралары негізінен құқықтық реттеу, бақылау және көбінесе жазалау механизмдеріне сүйенеді. Дерадикализация мен оңалту жұмыстарының әлеуметтік болмаса профилактикалық компоненттері болса салыстырмалы түрде аз дамыған (Ashraf & Aslanova, 2021).

Өзбекстан мемлекетінің Қырғызстан елінен біршама ерекшеліктері бар. Қырғызстан моделі радикалданудың әлеуметтік себептерін сипаттауға көбірек көңіл бөлсе, Өзбекстан жүйесі қауіпсіздік шараларынан бастап кешенді оңалту, реинтеграциялау саясатына кезең-кезеңімен өткен аралас модель іспеттес болып ерекшелінеді. Мемлекеттердің айырмашылықтары институционалдық күштер мен саяси стратегияларға байланысты қалыптасады. Өзбекстан мемлекетінде де түрлі оқиғалар көрініс тауып, радикалданумен үлкен күрес болды. Қазақстан мемлекеті сияқты, оңалту мен алдын алу шараларына ерекше көңіл бөліп, құқық қорғау мекемелері және діни қызметкерлерінің тартылуымен арнайы қызмет топтары құрылды. Онымен қоса мемлекеттің оңалту жұмысы үшін қолданатын айрықша тәсілдері радикалды идеологиямен күреске таптырмас әдіс болды. Мемлекеттік органдар сол әдісті құптап, керекті қолдау білдіреді. Дәстүрлі әлеуметтік институттарының бақылау мен алдын алу құралы ретінде қызмет атқаратын – махалля деп аталатын жүйесі нәтижелі әдістер қатарында үлкен роль алды. Махалля жүйесінде қызмет атқаратын тұлғалар – қауым ақсақалдары мен жергілікті көшбасшылар болды. Егер де күдікті жағдайлар туындап, түсіндіру жұмыстарына қажеттілік туындап жатса, іс-шаралар ұйымдастырылып, ақпарат беріліп, ақыл-кеңестерімен бөлісуге дайын тұрды (Temirbayev & Temirbayeva, 2024, pp. 16-17). Бұл әдіс отбасы институтының беріктігін көрсетіп қана қоймай, үлкендерге деген құрмет пен ізеттіліктің белгісі ретінде ерекшеленеді.

Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша, оңалту шаралары үлкен, ауқымды, терең және көпқырлы тәсілдер арқылы орындалады. Еуропа елдерінің тәжірибесінде, бұл бағыт арнайы құралдармен жабдықталған, көптеген шараларды қамтитын жұмыстардың жиынтығы. Басты мақсаты көбінесе тәуекел топтарына жататын тұлғаларды ерте анықтау және жүйелі

жұмыс жүргізу болып келеді. Одан бөлек деструктивті топтардың қатарына кіру себептері, мақсаттары, психологиялық және әлеуметтік жағдайы, білімі мен отбасылық жағдайы да көптеген факторлар бойынша анықталды.

Осылайша, бұл зерттеу қазіргі заманғы экстремизм мен терроризмнің кең ауқымды факторларды қамтитын күрделі құбылыс екенін көрсетті. Дегенмен, бұл күрделі құбылыстарға қарсы тұру тек күш қолдану шараларымен шектеліп қалмайды, сонымен қатар алдын алу, білім беру, психологиялық және әлеуметтік құралдардың үйлесімін қамтуы керек.

Ғылыми әдебиеттерді талдау қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету төзімділікті, мәдениетаралық диалогты және әлеуметтік интеграцияның тұрақты тетіктерін дамытумен тығыз байланысты екенін көрсетті.

Халықаралық тәжірибені талдау ең тиімдісі бағдарламаға қатысушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген кешенді дерадикализация және оңалту модельдері екенін көрсетті. Зорлық-зомбылық пен ре-радикализация қаупін азайтатын ұзақ мерзімді бағдарламалар тиімді.

Далалық зерттеу деректері қазақстандық зерттеушілер М. Исахан мен К. Тышханның радикализацияның алдын алудың негізгі бағыттарының бірі халық арасында діни сауаттылықты арттыру, сыни ойлауды дамыту және деструктивті ақпараттық әсерлерге төзімділікті қалыптастыру деген тұжырымдарын растады. Сондай-ақ, кешенді көмек көрсету маңызды алғышарт екені атап өтілді. Сонымен қатар, зерттеу Ю. Шаповалдың қазақстандық модель бірқатар маңызды артықшылықтарды ұсынады деген ұстанымы бар: репатрианттармен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесі, ведомствоаралық ынтымақтастықтың дамыған жүйесі, тәжірибелі теологтардың, ислам ғалымдарының және дінтанушылардың осы процестерге қатысуы және алдын алу, оңалту механизмдерінің үйлесімділігі жатады. Дегенмен, іске асырылған мемлекеттік бағдарламалардың ұзақ мерзімді тиімділігін бағалау, қайта қылмыс жасаудың алдын алу және оңалту іс-шараларына қатысушыларды ұзақ мерзімді психологиялық қолдау тетіктерін жетілдіру қажеттілігімен байланысты кейбір проблемалық аспектілер әлі де бар. Сондай-ақ, осы жұмыстарға тікелей қатысатын қызметкерлер үшін индикаторларды әзірлеу қажеттілігі бар.

Қазіргі уақытта, зерттеудің мәліметтеріне сәйкес, кейбір мамандар өз жинақталған көпжылдық тәжірибелеріне сүйене отырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандармен, пробаациялық бақылауда тұрған тұлғалармен, репатрианттармен және деструктивті діни ағымдардың ықпалынан зардап шеккен азаматтармен жұмыс жүргізуге арналған тесттерді, индикаторларды және өзге де бағалау құралдарын дербес әзірлеуде.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның дерадикализация және алдын алу саласындағы моделі халықаралық тәжірибені ескере отырып қалыптасқанын, сонымен қатар уақыт өте келе өзіндік институционалдық және практикалық ерекшеліктеріне ие болғанын көрсетеді. Бұл модель жаңа сынақтар мен қауіптерге төтеп беру үшін жетілдірілуде. Одан әрі нығайту және дамыту дәлелді әдістерді әзірлеуге, алдын алу бағдарламаларын кеңейтуге, радикалды идеологияларға қоғамның төзімділігін арттыруға және мақсатты топтарды ұзақ мерзімді қолдау тетіктерін жетілдіруге ықпал етеді. Мұның бәрі елдегі, аймақтағы және әлемдегі рухани қауіпсіздікке, мәдени диалогқа және конфессияаралық келісімге ықпал етеді.

Авторлардың үлесі

Бірінші автор – мақала мәтінін жазу, әдебиеттерге шолу жасау, техникалық рәсімдеу.

Екінші автор – мақала мәтінін жазу, мәтінді редакциялау, хат-хабар жүргізу, мақаланы жүктеу.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Ашраф А., & Асланова И. (2021). *Радикализация и дерадикализация: изучение опыта иностранных боевиков – террористов*. Nedayah; Центр религиоведческих исследований Кыргызско-Российского Славянского университета.
- Исахан, М. (2020, 6 наурыз). *Діни сауат – радикализм бе?*. Kazislam.kz. <https://kazislam.kz/2020/03/m-han-isahan-dini-sauat-radikalizm-me>
- Пашенко, И. (2016). Современные практики дерадикализации осужденных за проявление религиозного экстремизма: мировой опыт. *Отечественная юриспруденция*, 12(14), 26–33.
- Сабдин, А. (2020). *Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері*. Bsquared.
- Темирбаев, Т., & Темирбаева, А. (2024). *Методические рекомендации по совершенствованию дерадикализационных и реабилитационных работ*.
- Темирбаев, Т., & Темирбаева, А. (2024). ТМД елдеріндегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың құқықтық негізін қамтамасыз етудегі дінтану сараптамасының рөлі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы*, 148(3), 344–358. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-344-358>
- Тышқан, К. (2019, 5 Шілде). *Сұрияға кетудегі басты кемшілік теологиялық қана емес, саяси сауатсыздық!*. The Qazaq Times. <https://qazaqtimes.com/article/65075>
- Шаповал, Ю. (2024). Религиозный компонент в программах дерадикализации и реабилитации последователей и жертв религиозно-мотивированного экстремизма: мировой опыт и Казахстан. *Bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*, 147(2), 321–341. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-321-341>
- Шаповал, Ю., & Бекмаганбетова, М. (2021). Хиджра в «Исламское государство» через призму женских нарративов: кейс Казахстана. *Государство, религия, церковь в России и за рубежом*, 39(3), 289–315. <https://doi.org/10.22394/2073-7203-2021-39-3-289-315>
- Cook, J., & Vale, G. (2018, July). *From Daesh to 'Diaspora': Tracing the women and minors of Islamic State*. International Centre for the Study of Radicalisation (ICSR). <https://icsr.info/wp-content/uploads/2018/07/ICSR-Report-From-Daesh-to-%E2%80%98Diaspora%E2%80%99-Tracing-the-Women-and-Minors-of-Islamic-State.pdf>
- Farrell, W. B., Burnashev, R., Azizi, R., & Babadjanov, B. (2021). *Processes of reintegrating Central Asian returnees from Syria and Iraq*. United States Institute of Peace.
- Horgan, J. (2008). Deradicalization or disengagement? A process in need of clarity and a counterterrorism initiative in need of evaluation. *Perspectives on Terrorism*, 2(4), 3–8.
- King, M., & Taylor, D. M. (2011). The radicalization of homegrown jihadists: A review of theoretical models and social psychological evidence. *Terrorism and political violence*, 23(4), 602–622. <https://doi.org/10.1080/0954653.2011.587064>
- Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. (2026). *On international cooperation in countering international terrorism*. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/233717?lang=en>
- Raychev, Y. (2020). Operations for repatriation of Kazakhstan, Tajikistan, and Uzbekistan citizens that have joined the Islamic State. *Diplomacy Journal*, 24, 162–171.
- Shapoval, Y., Bekmaganbetova, M., Aimukhambetov, T., & Seitakhmetova, N. (2025). Kazakhstan's Approach to the Rehabilitation and Reintegration of Child Returnees from Syria and Iraq. *Perspectives on Terrorism*, 19(2), 82–98. <https://www.jstor.org/stable/27389738>

United Nations Office on Drugs and Crime. (2025, April 30). *UNODC and Central Asian States share experiences on the effective rehabilitation and reintegration of returnees from conflict zones*. <https://www.unodc.org/unodc/en/terrorism/latest-news/2025-unodc-and-central-asian-states-share-experiences-on-the-effective-rehabilitation-and-reintegration-of-returnees-from-conflict-zones.html>

References

- Ashraf, A., & Aslanova, I. (2021). *Radikalizatsiya i deradikalizatsiya: Izuchenie opyta inostrannykh boevikov-terroristov* [Radicalization and deradicalization: A study of the experiences of foreign terrorist fighters]. Hedayah; Center for Religious Studies of the Kyrgyz-Russian Slavic University. (in Russian)
- Cook, J., & Vale, G. (2018, July). *From Daesh to 'Diaspora': Tracing the women and minors of Islamic State*. International Centre for the Study of Radicalisation (ICSR). <https://icsr.info/wp-content/uploads/2018/07/ICSR-Report-From-Daesh-to-%E2%80%98Diaspora%E2%80%99-Tracing-the-Women-and-Minors-of-Islamic-State.pdf>
- Farrell, W. B., Burnashev, R., Azizi, R., & Babadjanov, B. (2021). *Processes of reintegrating Central Asian returnees from Syria and Iraq*. United States Institute of Peace.
- Horgan, J. (2008). Deradicalization or disengagement? A process in need of clarity and a counterterrorism initiative in need of evaluation. *Perspectives on Terrorism*, 2(4), 3–8.
- Isakhan, M. (2020, March 6). *Dini sauat – radikalizm be?* [Is religious literacy radicalism?]. Kazislam.kz. <https://kazislam.kz/2020/03/m-han-isahan-dini-sauat-radikalizm-me> (in Kazakh)
- King, M., & Taylor, D. M. (2011). The radicalization of homegrown jihadists: A review of theoretical models and social psychological evidence. *Terrorism and political violence*, 23(4), 602–622. <https://doi.org/10.1080/09546553.2011.587064>
- Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. (2026). *On international cooperation in countering international terrorism*. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/233717?lang=en>
- Pashchenko, I. (2016). Sovremennyye praktiki deradikalizatsii osuzhdennykh za proyavleniye religioznogo ekstremizma: mirovoy opyt [Modern practices of deradicalization of persons convicted of religious extremism: global experience]. *Otechestvennaya yurisprudentsiya*, 12(14), 26–33. (in Russian)
- Raychev, Y. (2020). Operations for repatriation of Kazakhstan, Tajikistan, and Uzbekistan citizens that have joined the Islamic State. *Diplomacy Journal*, 24, 162–171.
- Sabdin, A. (2020). *Radikalsyzdandyrudyn teologiyalyq narrativteri* [Theological narratives of deradicalization]. Bsquared. (in Kazakh)
- Shapoval, Y. (2024). Religioznyy komponent v programmakh deradikalizatsii i reabilitatsii posledovately i zhertv religiozno-motivirovannogo ekstremizma: mirovoy opyt i Kazakhstan [Religious component in deradicalization and rehabilitation programs for followers and victims of religiously motivated extremism: World experience and Kazakhstan]. *Bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*, 147(2), 321–341. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-321-341> (in Russian)
- Shapoval, Y., Bekmaganbetova, M., Aimukhambetov, T., & Seitakhmetova, N. (2025). Kazakhstan's Approach to the Rehabilitation and Reintegration of Child Returnees from Syria and Iraq. *Perspectives on Terrorism*, 19(2), 82–98. <https://www.jstor.org/stable/27389738>
- Shapoval, Yu., & Bekmaganbetova, M. (2021). Khidzhra v «Islamskoye gosudarstvo» cherez prizmu zhenskikh narrativov: keys Kazakhstan [Hijra to the Islamic State through the Lens of Women's Narratives: The Case of Kazakhstan]. *Gosudarstvo, religiya, tserkov' v Rossii i za rubezhom*, 39(3), 289–315. <https://doi.org/10.22394/2073-7203-2021-39-3-289-315>
- Temirbayev, T., & Temirbayeva, A. (2024). *Metodicheskiye rekomendatsii po sovershenstvovaniyu deradikalizatsionnykh i reabilitatsionnykh rabot* [Methodological recommendations for improving deradicalization and rehabilitation efforts]. (in Russian)

- Temirbayev, T., & Temirbayeva, A. (2024). TMD elderindegi memlekettik-konfessiýalıq qatınastardıń quqıqtıq negizin qamtamasız etwdegi dintanw saraptamasınıń róli [The role of religious expertise in providing a legal basis for state-confessional relations in the CIS countries]. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*, 148(3), 344–358. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-148-3-344-358> (in Kazakh)
- Tyshkhan, K. (2019, July 5). *Suriya ketudegi basty kemshilik teologiya qana emes, sayasi sauatsyzdyk!* [The main shortcoming behind traveling to Syria is not theology, but political illiteracy!]. The Qazaq Times. <https://qazaqtimes.com/article/65075> (in Kazakh)
- United Nations Office on Drugs and Crime. (2025, April 30). *UNODC and Central Asian States share experiences on the effective rehabilitation and reintegration of returnees from conflict zones*. <https://www.unodc.org/unodc/en/terrorism/latest-news/2025-unodc-and-central-asian-states-share-experiences-on-the-effective-rehabilitation-and-reintegration-of-returnees-from-conflict-zones.html>

Information about authors

Armanay Ertykhalova – M.A., Institute of Humanities and Religious Studies, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-5685-6010>, ertikhalovaarmanay@gmail.com

Adiya Romanova – PhD candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-0126-6387>, adiya_romanova@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Арманай Ертихалова – Магистр, Гуманитарлық және дінтанулық зерттеулер институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-5685-6010>, ertikhalovaarmanay@gmail.com

Адия Романова – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-0126-6387>, adiya_romanova@mail.ru

Сведения об авторах

Арманай Ертихалова – Магистр, Институт гуманитарных и религиоведческих исследований, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0006-5685-6010>, ertikhalovaarmanay@gmail.com

Адия Романова – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0007-0126-6387>, adiya_romanova@mail.ru